

ОСЫ ЖЫЛЫ САЛАНЫ ОДАН ӘРІ ДАМУ ТУРАСЫНДА 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫН ДАМУ ТУЖЫРЫМДАМАСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ. БҰЛ ҚҰЖАТ АЯСЫНДА КЕЛЕСІ БЕС БАҒЫТ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР. ОЛАР ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМДАРДЫ ЖАҒАРТУ; ТҮЙСУ ПУНКТТЕРІН ЖӘНЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІЛЕРІН ДАМУ; СОНДАЙ-АҚ ТАРИФТІК САҒАТТЫ ЖӘНЕ ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫН ЖЕТІЛДІРУ. ОСЫ БАҒЫТТАҒЫ ІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖӘНЕ АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАРДЫҢ БӘРІ ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫН ДАМУМЕН ҚАТАР ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТРАНЗИТТІК ДӘЛІЗДЕРІН ДАМУМЕН ҰШТАСТЫРЫЛҒАН.

Марат ҚАРАБАЕВ,
ҚР Көлік министрі



№102 (3032)
03/12/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ТАРАЗ ТОРАБЫНДАҒЫ КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Дүйсенбі күні ҚТЖ басшылығының өңірлерге сапары Жамбыл облысында жалғасты. Алдымен Тараз қаласына ат басын бұрған компания жетекшілері жергілікті теміржол кәсіпорындарын аралап, аймақ ахуалымен танысты.



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Жамбыл локомотив пайдалану депосына келген қонақтар байырғы депоның өндірістік нысандарын тексеріп, локомотив шаруашылығының қысқы жағдайда жұмыс істеуге дайындығы пысықталды. Бүгінгі таңда депода машинистер және машинист көмекшілері бар барлығы 750 адам еңбек етеді. ҚТЖ басшылығы Тараз локомотив жөндеу депосының цехтарын да аралап көріп, тартымды жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету, доңғалақ жұптарын жөндеу мәселелері талқыланды. Ал Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясында компания басшылары ұжыммен кездесіп, қызметкерлерінің еңбек жағдайын көзбен көрді, кәсіпорынның алдағы жылы жұмыс жоспарымен танысты. Жамбыл телімінде пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде дистанция жұмысының маңыздылығы атап өтілді.

Түске қарай Тараз торабындағы барлық желілік кәсіпорындардың жетекшілері қатысқан кеңес өтіп, Жамбыл жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелерінің, тағы басқа жауапты желілік басшылар жергілікті ахуалды баяндап, сала жұмысынан толыққанды ақпарат берді.

Компания басшылығы сондай-ақ өңірдегі ірі жүк жөнелтушілермен де кездесіп, түйінді мәселелер төңірегінде пікір алмасты. Шу станциясы мен дөңестік жүйелерді дамыту мәселесі сөз болып, аймақтағы кластан тыс ірі станциясының өзекті мәселелері талқыланды. Шу сұрыптау станциясы Шу – Арыс, Шу – Алматы, Шу – Мойынты ұш бағытында жұмыс істейді. 2024 жылы станция бойынша жүк пойыздарын қабылдау тәулігіне 78-88 жұп пойызды құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 7-8 жұпқа көбейген. Жыл басынан бері транзиттік ағын да артқан. Технологиялық процестерді жақсарту және Шу станциясында пойыздарды өңдеу уақытын жеделдету үшін Шу станциясының транзиттік

паркінде бұрын бөлшектелген қабылдау-жөнелту жолдарын, дөңесалды паркіндегі жүріс жолын қалпына келтіру қарастырылуда. Сондай-ақ сұрыптау паркінің жолдарын байланыс желісімен және т.б. жабдықтау ұсынылды.

Станцияда осы іс-шараларды іске асыру пойыздарды өңдеу уақытын 10%-ға дейін қысқартуға, локомотив паркін тиімді пайдалануға және оның өнімділігін арттыруға, вагон ағындарын реттеуге және жүктерді жеткізу мерзімін қысқартуға әсер етеді.

Ал барлық желілік кәсіпорындардың еңбек ұжымдарымен өткен дәстүрлі кездесуде компания басшылығы Тараз торабы жұмысшыларына өңірдегі теміржол көлігін дамытуға қосқан сүбелі үлестері үшін алғыс айтты. Әрбір қызметкердің жұмысының маңыздылығы атап өтілді. Бірқатар үздік теміржолшылар Қазақстан темір жолының 120 жылдығына орай марапатқа ие болды.

Суретті түсірген Олжас АХМЕТОВ

АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ



ҚТЖ желісі бойынша қараша айында 1,4 млн тоннадан астам жаңа науқанның астығы тиелді, бұл алғаш рет тіркелген бір айдағы астық тасымалдау көлемі болып отыр. Оның ішінде республикаға – 350 мың тоннасы, ал экспортқа 1 млн тоннадан астамы жөнелтілді.

Биылғы қыркүйектен қарашаға дейін астық тасымалы 3,7 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 45%-ға артық. Жаңа егіннің астық экспортына келсек, ол 2,9 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 51%-ға артық шыққан. Экспорттың негізгі бағыттары оң динамиканы көрсетуде: Орталық Азия елдеріне өсім 35%-ті құрап, Ауғанстанға тиелім 58%-ке ұлғайған. Иран бағытындағы тасымалдар өткен жылғы 14 мың тоннаға қарағанда 356 мың тоннаға дейін өскен. Қытайға қабылдаушы тараптың қуаттылығына сәйкес 445 мың тонна жөнелтілді.

ҚТЖ РФ бағытында, сондай-ақ екі айда 104 мың тонна жөнелтілген Әзірбайжан сияқты жаңа нарықтарға дөңді дақылдардың кедергісіз шығуын қамтамасыз етіп отыр.

Үкіметтің ел ішінде астықты көшіру есебінен элеваторларды босату жөніндегі алға қойып отырған міндеті толық көлемде орындалуда, үш айда +29% өсіммен 793 мың тонна тасымалданды. Негізгі тұтынушылар – елдің оңтүстігіндегі ұн тартатын кәсіпорындар, одан кейін құс фабрикалары мен басқа да астық өңдеушілер болып отыр.

Жылжымалы құрам жеткілікті, тарту ресурстары жөнелтушілердің қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отыр. Астық штабтары мен топтары тәулік бойы жаңа дақылдың астық шығарылуын бақылауда ұстауда.

Ислам ТАЛҒАТ



Марат САДЫКОВ,
управляющий директор по развитию
и IT АО «KTZ Express»:

Инфраструктура ВИЗИТ В УЧЕБНЫЙ ЦЕНТР ҚТЖ

Руководство АО «НК «ҚТЖ» посетило филиал АО «НК ҚТЖ – Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта».



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Специалисты центра проводят как обязательные виды обучения – охрана труда и техника безопасности, промышленная безопасность, экологическая безопасность, пожарно-технический минимум, электробезопасность, так и подготовку, и повышение квалификации свыше 150 специальностей железнодорожного транспорта. Здесь обучают в том

числе машинистов электропоездов и тепловозов, электромехаников и ремонтников и бригадиров, инженеров-технологов, начальников станций, приемщиков локомотивов, товарных кассиров, сигнальщиков и другие.

Руководство филиала провело подробную экскурсию по центру и рассказало о перспективах развития, отдельно

остановились и на передовых методах подготовки и оценки кадров для железнодорожной отрасли. Было отмечено, что центр играет ключевую роль в развитии профессиональных навыков сотрудников компании, предлагая современные программы обучения и тренировок на основе симуляторов и инновационных технологий.

Ежегодно тысячи работников АО «НК «ҚТЖ» проходят обучение в Центре оценки и развития персонала железнодорожного транспорта в Астане и региональных учебных центрах.

Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта в Астане успешно функционирует уже 12 лет и отвечает всем

современным требованиям международных стандартов к образовательным организациям такого типа. Он оснащен 16 учебными классами с новейшим оборудованием, 11 лабораториями, учебным полигоном и общежитием на 300 мест. В регионах – 60 учебных классов, 10 лабораторий, четыре учебных полигона и четыре общежития.

Все программы профессионального развития и повышения квалификации персонала адаптированы к потребностям производственно-технологического процесса группы компаний АО «НК «ҚТЖ», корректируются в соответствии с изменяющимися условиями бизнеса.

Фото
Олжаса АХМЕТОВА

ПРОЕКТ «ЕДИНОЕ ЦИФРОВОЕ ОКНО» (ЕЦО) ПРЕДЛАГАЕТ КЛИЕНТАМ ГРУППЫ КОМПАНИЙ АО «НК «ҚТЖ» УДОБНЫЙ МНОГОКАНАЛЬНЫЙ ДОСТУП ЧЕРЕЗ ПОРТАЛ, МОБИЛЬНОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ ЕЦО, ЕГО BUSINESS И ЕДИННЫЙ КОНТАКТ-ЦЕНТР. ОПЕРАТИВНОЕ ПОЛУЧЕНИЕ ЛОГИСТИЧЕСКИХ УСЛУГ ПО ПРИНЦИПУ «ЕДИНОГО ОКНА» ИСКЛЮЧАЕТ НЕОБХОДИМОСТЬ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ С КАЖДЫМ УЧАСТНИКОМ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҚТЖ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША 2024 ЖЫЛДЫҢ 10 АЙЫНДА ЖҮК ТИЕУ КӨЛЕМІ 1,4%-КЕ ӨСІП,

210 млн тоннаны құрады.

2029 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОН ПАРКІ

1200

ЖУЫҚ ЖАҢА ҚҰРАММЕН ТОЛЫҒАДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ. БҰЛ ВАГОНДАР ПАРКІНІҢ ТОЗУ ДЕҢГЕЙІН 38%-ҒА ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТPEK.

ЕЛІМІЗДЕ ТЕМІРЖОЛҒА ҚАТЫСТЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА

500

АСТАМ ЖАСАНДЫ ҚҰРЫЛЫС САЛЫНБАҚ.

ЖАҢА АВТОКӨЛІКТЕР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Ұлттық компания теміржолшыларға тамаша сый жасады. Кеше Семейде жергілікті өндіруші «Сема3» ЖШС-нен сатып алынған су жаңа автобустар теміржолшылар игілігіне пайдалануға берілді.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бұл елеулі оқиға ұлттық компанияның жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсартумен қатар, отандық бизнесті қолдау және жергілікті өндірісті дамытуға бағытталған маңызды қадамы ретінде бағаланды.

Өткен жылы ұлттық компания желі бойындағы ғимараттар мен нысандарды күрделі жөндеуден өткізу, жаңалау, талапқа сай ету бойынша қарқынды жұмыс жүргізген еді. Ендігі басымдық әлеуметтік салаға беріліп отыр. Еліміздегі өмірі бірінші жұмыс беруші компания болғандықтан жайлы жұмыс орын құрудың маңыздылығы зор, – деп атап өтті салтанатты іс-шараға арнайы келген «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС

директорының орынбасары Владимир Бабиченко.

Айта кетерлігі, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС жергілікті автобус құрастырушы зауытқа тапсырыс беріп, 43 көлік алып отыр. Бұл жолы соның 36-ы қолданысқа берілді. Қалғандары өндірушілер құрастырған жаңа автобустар еліміздің климатына сай заманауи үлгіде жабдықталған. Барлық сапа стандарттарына лайық. Жаңа көліктер еліміздің барлық ЖТ бөлімшелеріне, жекелеген станцияларға немесе деполарға берілетін болады. Соның ішінде екеуі Семей ЖТ бөлімшесі теміржолшыларының игілігіне пайдаланылмақ.

Салтанатты шара барысында сөз алған Семей ЖТ бөлімшесі ардагерлер кеңесінің төрағасы, Құрметті теміржолшы Қырықбай Әлсейітов теміржолшылар үшін жасалы-



нып жатқан игі істерге ризашылығын білдіріп, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басшылығына алғысын білдірді.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Семей ЖТ бөлімшесі» филиалының директоры Алмас Сейсемқановтың айтуынша, отандық тауар өндірушілерді қолдау, яғни «Сема3» ЖШС-нің пайдасына жасалған таңдау өңірлік бизнесті дамытуға ғана емес, аймақ экономикасын нығайтуға да ықпал етеді.

Зауыттан шыққан су жаңа автокөліктер осылайша қарт Семейден еліміздің әр қиырына жол тартты. Олардың алды Өскеменге жетсе, Маңғыстау түбегіне алдағы апталарда жететін болады.

Суретті түсірген автор

РАЗВИТИЕ ПРОЕКТОВ



В Уфе состоялось IX заседание Российско-Казахстанского делового совета, посвященное вопросам реализации совместных инфраструктурных и торговых проектов между Казахстаном и Россией.

Во время мероприятия представители АО «KTZ Express» осветили перспективы развития ключевых маршрутов: Север – Юг и Трансафганский коридор.

Участникам мероприятия также была представлена информация о реализуемом KTZ Express совместно с китайскими и российскими партнерами проекте в Селятино (Подмосковье) – транспортно-логистическом центре CRK Terminal.

Данный проект является ключевым элементом маршрута Китай – Казахстан – Россия, создавая замкнутый логистический цикл Hub-to-Hub. Проект предусматривает консолидацию и распределение грузопотоков в городе Сиане и на станции Селятино, что обеспечит эффективную организацию транзитных перевозок через Казахстан, включая мультимодальные решения.

Кроме того, в рамках юбилейного XX Форума межрегионального сотрудничества подписано соглашение о сотрудничестве в сфере электронной коммерции. Участниками соглашения стали АО «KTZ Express», Polyking New Horizons Technology Industry Co., Ltd. и АО «Славтранс-Сервис».

Документ предусматривает совместную разработку и внедрение инновационных решений в области электронной коммерции, включая совершенствование логистических процессов на маршруте Китай – Казахстан – Россия. Данное соглашение укрепляет экономические связи между Казахстаном, Россией и Китаем, открывая новые горизонты для участником трансграничной торговли и способствуя динамичному развитию рынка электронной коммерции.

Асель ШАЙХЫНОВА

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент



Шымкент магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мекемелері мен кәсіпорындарында еңбек ететін қызметкерлер арасында «Үздік маман-2024» байқауы өтті.



Екі кезеңнен тұратын байқауға 30 үміткер қатысып, өз араларындағы кіл мықтыны анықтады. Ал 7 мамандық бойынша үздік деп танылғандар 8 аталыммен марапатталды.

Байқаудың алғашқы кезеңінде үміткерлердің теориялық білім-біліктері сынаға түсті. Яғни 25 сұрақтан тұратын сынақта мамандардың кәсіби міндеттемелері мен атқаратын қызметіне қатысты, атап айтқанда еңбек қауіпсіздігі, техникалық пайдалану ережелері, ұжымдық шарт талаптары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қолданылатын заңнамалық құқықтар және іскерлік этикалық норма талаптарына қатысты білімдері тексерілді. Үміткерлер тест сұрақтарына жауап бере отырып, балдық жүйе бойынша бәсекеге түсті.

Байқаудың екінші кезеңінде үміткерлер әрбір салалық кәсіп бойынша арнайы топтарға бөлініп, сұрақ-жауап, әңгімелесу арқылы практикалық талқылау жүргізілді. Соның нәтижесінде жиынтық бал қорытындысы шығарылып, қатысушылар арасынан үздіктер анықталды. Атап айтқанда «Үздік жол монтері» номинациясы бойынша ПЧ-54 қызметкері Талант Сапар атанса, ПЧ-53 қызметкері Ермек Жұмабаев «Үздік жол шебері» номинациясымен марапатталды. Ал ПЧ-38 жұмысшысы Нұрбол Түймебеков «Үздік байланысшы», ЭЧ-24 жұмысшысы Жомарт Әбдіқаримов «Үздік энергетик», ПЧ-54 машинисі Бақытбек Құдасов «Үздік машинист», ВП-39 мекемесінің қызметкері Мейірбек Шералиев «Қалпына келтіру пойызшының үздік маманы» номинациясына ие болды. Сол сияқты «Үздік өрт сөндіруші» номинациясы бойынша Сәбит Әміров, ал «Үздік вокзал қызметкері» аталымымен Арыс-2 вокзалының жұмысшысы Асылхан Күлтеков құрметке бөленді.

Ал байқау талабының бірнеше тетіктері бойынша ең жоғары балға ие болған Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясының ұжымы «Үздік ұжым-2024» атағына ие болды. «Қазжөліккәсіп» ҚБ Шымкент филиалының жетекшілері ұйымдастырушыларымен бірлесе отырып жеңімпаздарға қаржылай жұлде тағайындап, теміржолшылар мәртебесінің көтерілуіне атсалысты.

Суретті түсірген автор

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ ІС

Әділет МҰСАХАЙ,
Астана



Астана қаласының оқушылары мен колледж студенттері кәсіптік бағдар беру экскурсиясы аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Теміржол көлігі персоналын бағалау және дамыту орталығы» базасында болып, теміржолшылардың жұмысымен танысты.

Аталған шара жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауына бағдар беру аясында жүргізіліп отыр. Компанияның Адами ресурстарды басқару департаментінің HR бизнес-серіктесі Алма Саулебаева жастарға ҚТЖ-ның барлық құрылымдары жайлы ақпарат беріп, онда қандай мамандық иелері қызмет ететінін кеңінен баяндады.



«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Теміржол көлігі персоналын бағалау және дамыту орталығы» директорының орынбасары Виктор Отрощенко орталыққа жыл сайын оқушылар мен студенттер келіп, теміржолшы қызметімен етене танысатынын жеткізді.

«Қазір сіздер мамандық таңдау алдында тұрсыздар. Мамандығын қателеспей таңдаған адамдар қызметте жетістікке жетеді, тіптен ол өмірлік жолдарыңызға дұрыс бағыт береді. Сол үшін біз бүгін теміржол саласы сіздерге қандай мүмкіндіктер беретінін түсіндіріп, бұл мамандық үшін қандай білім қажет екенін айтқымыз келеді. Теміржол саласы тек пойыз жүргізу ғана емес, бүтіндей экономикалық жүйе. Онда жүз мыңдаған адам қызмет етіп жатыр. Қазір бізде инновациялық технология дамып, жаңа локомотивтер мен жабдықтар енгізіліп жатыр. Әсіресе саңдық технология жоғары қарқынмен енгізілуде. Сондықтан бізге өте сауатты мамандар қажет. Жалпы біздің орталықтан жылына 23 мыңнан астам қызметкер оқудан өтіп, біліктіліктерін арттырып отырады», – дейді В.Отрощенко.

Жыын барысында теміржол саласында 40 жылдан астам қызмет еткен ардагер-зейнеткерлер өз тәжірибелерімен бөлісіп, болашақ мамандарға өз кәсіптерінің қыр-сырын баяндады.

Келелі жыын мамандық таңдау алдында тұрған жастар үшін өте пайдалы болғаны анық.

Суретті түсірген автор

Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, яғни тасымалдау процесінің операцияларын орындау кезінде қауіпті жағдайларға жол бермеу – Магистральдық желі дирекциясының басымдыққа ие бағыттарының бірі. Сондықтан дирекция ұжымы бұл көрсеткішті жылдан-жылға жақсартуға мүдделілік танытуда. Бүгін біз Дирекция директоры Сәкен Рахметовті сөзге тарта отырып, аталған филиал бойынша атқарылып жатқан жұмыстар, алға қойып отырған мақсаттар төңірегінде әңгімелестік.



Сәкен РАХМЕТОВ:

«ЖЫЛДЫ ТАБЫСТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУҒА АЛҒЫШАРТ БАР»

– Сәкен Маратұлы, 2024 жылдың аяқталуына да санаулы күндер қалды. Дирекция жылды қандай көрсеткіштермен қорытындыламақ?

– Жалпы Дирекция бойынша өткен жылмен салыстырғанда жол шаруашылығының жағдайы жақсарып, ауытқулар мен жолдың жабылулар саны азайғанын айтар едім. Әсіресе Қарағанды, Алматы, Шымкент, Қызылорда магистральдық желі бөлімшелеріндегі жолдардың жай-күйін жақсарту бойынша оң үрдіс байқалып отыр, оларда қанағаттанғысыз шақырымдар, 3,4 дәрежелі ауытқулықтардың жалпы саны азайды. Жолдың ағымдық күйіне қосымша 339 жол монтері бөлініп, «жол шеберлері-жол бригадирлерінің» штаты 611 бірлікке ұлғайтылды және Қарағанды магистральдық желі бөлімшесінің сындарлы ұчаскелерінде жұмыс істейтін апаттық-қалпына келтіру бригадасы құрылды. Мердігерлік ұйым Жилаево-Пойма ұчаскесіндегі 1304 шақырымда металл көпірне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Қапшағай мамандандырылған көпір жасағы жоспарланған 86 жасанды имараттар (ИССО) жөндеді. СОБ электрмен жабдықтау құрылғыларының сенімділігін арттыру үшін қуат панелінің 15 жиынтығы, 100 бағыттаушы электр жетегі, сондай-ақ 202 км кабельдік шаруашылық жөндеуіп, аясытырылды. Шаруашылық тәсілмен Д.Нұрпейісова, Доссор, Қосшекі, Арыс-2 станцияларында дауыстап хабарлау парк байланысының құрылысы орындалды. 9873 км көлемінде байланыс желісіне ағымдық жөндеу жүргізілді.

Өткізу қабілетін арттыру бағдарламасы шеңберінде ауқымды шаруалар атқарылды. Мәселен, Сарыағаш станциясында ИДК-ны айналып өту жолы салынып, Арыс станциясында 12 жол қалпына келтірілді, ал Екібастұз станциясында тартпа жолы ұзартылып, Жирен-Айғыр, Көкөбе, Ала-Айғыр станцияларында съездер, Арқалық станциясында кірме жол салынды. Алтынкөл, Ақсу, Қызылжар, Илеңк, Бірлік станцияларында жұмыстар жүргізілуде. Жалпы, жұмыстар 12 станцияны қамтыды, оның барысында 35 мың текше метр жер төсемі және 21 км жол төселіп, 51 бағыттамалы бурма, 6 бірлік баяулатқыш орнатылды, Сарыағаш, Арыс, Арқалық, Алтынкөл, Екібастұз, Ақсу, Қызылжар, Жирен-Айғыр, Көкөбе, Ала-Айғыр, Бірлік, Илеңк-1 станциялары бойынша 66 км кабельдік өнім монтажданды. Бұдан басқа 13 жекелеген пунктте 19 жолдың қозғалысы ашылып, қалпына келтірілді. Қысқасы, жылды табысты қорытындылауға алғышарт бар.

– Қылышын сүйретіп қыста келіп қалды. ЦЖС шаруашылықтары мен кадрлары қатал маусымға қандай дайындықпен келді?

Магистральдық желі дирекциясының филиалдары шаруашылықтар мен кадрларды қысқы жұмысқа даярлау жөніндегі бекітілген жоспарға сәйкес ауқымды іс-шараларды жүзеге асырды. Тұрмыстық және коммуналдық қатты отын кестеге сай тұтынушыларға еш кедергісіз жеткізілуде. Екі мыңнан астам ғимарат, 18,2 км жылу трассасы, 161 қазандық, 275 бірлік қар тазалау және қар жинау техникасы дайындықтан өтіп, алғашқы қыстаушылар мен жұмысшылар қысқы арнайы киіммен қамтамасыз етілді. Темір жол мен құрылыстардың қардан қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында 12 мыңға жуық қар қалқандары орнатылып, 4000 дана көлемінде ағаш тіректер жеткізілді. Сонымен қатар жұмысшылар

қажетті инвентарлармен, жеке қорғану құралдарымен, т.б. қажетті дүниелермен қамтамасыз етілді.

– Күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе – пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында ЦЖС тарапынан қандай іс-шаралар атқарылуда?

– Магистральдық желі дирекциясында 2024 жыл – «Еңбекті қорғау және технологиялық процесті сақтау жылы» деп жарияланғаны белгілі. Оның негізінде пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді күшейту шаралары қарастырылған. Осы бағытта биыл 1241 шақырым көлемінде жол сауықтырылды, оның ішінде 567 км жол күрделі жөндеуден, 98 км күшейтілген орта жөндеуден өтсе, 103 км жолда рельс тіректері, 73 км рельс табаны тұтастай алмастырылып, 83 шақырым жол орта жөндеуден өтті. Сондай-ақ 266 км жолдың балластына терең тазалау жүргізілді. Атырау, Маңғыстау, Қызылорда және Қазалы электрмен жабдықтау дистанциялары және жел ұчаскелеріндегі байланыс желісі құрылғылары бойынша тұзды шөгінділерге ұшыраған ұчаскелерде электрмен жабдықтау объектілерінің сенімділігін күшейту іс-шаралары орындалды. Магистральдық теміржол желісін ақаусыз арнайы жылжымалы құраммен қамтамасыз ету және жіберу үшін бүгінде 157 бірлік жылжымалы құрамға жөндеу жүргізілді. Өткен кезеңде пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бақылауды күшейту

және экология саласындағы өзекті мәселелерді талқылау бойынша мектеп-семинарлар Екібастұз жол дистанциясы, Жамбыл материалдық базасы, Көкшетау, Жамбыл, Атырау электрмен жабдықтау дистанциялары және ЦЖСВП бойынша Балқаш қалпына келтіру пойызы базасында өткізілді. Желілік кәсіпорындар арасында өндірістік процесті орындау кезінде қауіпсіз еңбек әдістеріне арналған үздік бейнероликтерге конкурстар жарияланып, сондай-ақ теміржолшылардың балалары арасында «Өзінді сақта» тақырыбында балалар суреттерінің байқауы өткізілді. Байқау жеңімпаздары компания логотипі бар имидждік өнімдермен марапатталды. Биылғы жылдың тамыз-қыркүйек айлары кезеңінде «Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты Ай қоғамы» ҚБ 100 қызметкерді дәрігерге дейінгі Алғашқы көмек көрсету әдістері бойынша оқытты, ал ашық есік күндері отбасы мүшелерін оқыту шаралары өткізілді. Себебі, өзіңіз білетіндей, компания тек қызметкерлеріне ғана емес, біздің қызметкерлердің отбасы мүшелеріне де қамқорлық жасайды.

Еңбек жағдайларын жақсарту және жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 304 бірлік көлемінде маңдайша шамдары, станцияларда жылжымалы құрам жақындаған кезде жол монтерлерін хабардар ету үшін 445 бірлік дауысзорайтқыш салтып алынып және де жекелеген пункттерде дауысзорайтқыш құлақтандырудың 6 парктік бай-

жүйеге беріледі. Бұл тиісті қызметкерлерге жедел әрекет етуге және анықталған ауытқуларды жоюға мүмкіндік береді. Жүйе рельс жолының геометриясы және бейнебақылау арқылы анықталған күрделі ақаулар бойынша сыни ақауларды жою кестесін автоматты түрде қалыптастырады, сондай-ақ 3 және 4 дәрежелі ақаулардың қайталануын автоматты түрде анықтап, оларды жол дистанциялары басшыларының электрондық поштасына жібереді, бұрын жою кестесін жасау және қайталанушылықты анықтау қолмен, жұмысшылардың өздерімен жүргізілетін, ал жұйе арқасында көп мәселе оңтайлы шешілді.

Бұдан басқа, жүйеде жұмыстарда пайдаланылған материал автоматты түрде «күн сайын» режимінде есептен шығарылады, күнтізбелік айдың соңында жүйе барлық пайдаланылған материалды енгізе отырып, автоматты түрде материалдық есеп қалыптастырады, бұл материалдық жауапты тұнғаның оны қолмен толтыру қажеттілігін болдырмайды. Материалды пайдалануды бақылайтын ПЧ, ШЧ, ЭЧ дистанцияларының техникалық бөлімінің қызметкерлеріне талдау жүргізу үшін және материалдарды қайта есептен шығаруды болдырмау үшін пайдаланылған материалдар бойынша тарихи деректер оңай қолжетімді болып отыр. Жүйедегі барлық ақпарат басқарудың барлық деңгейлерінде нақты уақыт режимінде қолжетімді. 2024 жылы барлық ҚТЖ бойынша жүйені тираждау басталды, цехтардың басшыларын компьютерлік техникамен қамтамасыз ету және оларды ҚТЖ-ның жергілікті желісіне қосу жұмыстары жүргізілуде.

– Сәкен Маратұлы, сұхбатымызды қойып отырған мақсат-міндеттерімен тәмамдасақ...

– 2025 – Компания үшін маңызды жыл болмақ. Не үшін десеңіз, Қазақстан Республикасының мультимодальды әлеуетін дамытуға бағытталған «Достық – Мойынты» ұчаскесінде екінші теміржол жолын салу, қолданыстағы «Семей-Ақтоғай» теміржол ұчаскесіне шыға отырып, Қазақстан – Қытай шекарасында «Бақты» үшінші шекаралық теміржол өткелін салу, Алматы теміржол торабын айналдыру өтегін айналма теміржол құрылысын салу, «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желісін салу жобалары жоспарға сәйкес аяқталады деп күтілуде. Құрылыс аяқталғаннан кейін қосымша жұмыс орындары құрылмақ, бір ғана жол шаруашылығы бойынша жол құрылыс ұчаскелеріне 500-ден астам адамды қабылдау жоспарлануда. Бұдан бөлек ұзындығы 1 401 км темір жолдарды жөндеу, оның ішінде 566 шақырым жолға күрделі жөндеу жүргізу жоспарлануда. Қолданыстағы теміржол инфрақұрылымының өткізу қабілетін арттыру жөніндегі жұмыстар шеңберінде келесі жылы Маңғыстау станциясын дамыту және №2,10,12,15 разьездерінде қосымша жолдар салу көзделіп отыр. Бейнеу – Маңғыстау ұчаскесінде теміржол инфрақұрылымының өткізу қабілетін арттыруға бағытталған, мұның бәрі дұрыс басқару шешімдерін қабылдау үшін қажет. Сондай-ақ цифрлық технологиялар жұмысшылардың жұмысын жеңілдетуі керек. Бүгінгі таңда Павлодар магистральдық желі бөлімшесінде жол, СОБ және байланыс, электрмен жабдықтау және электрлендіру құрылғыларына техникалық қызмет көрсету және жөндеуді басқарудың автоматтандырылған жүйесі енгізілуде, ол жұмыстарды жоспарлау, құрылғыларды ағымдағы ұстау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды орындау процестерін цифрландырады. Бүгінгі таңда жүйені МДК вагондарымен интеграциялау жүзеге асырылды. Осының арқасында вагондардың жүру нәтижелері автоматты түрде



үшін магистральдық желінің 830 қызметкерінің біліктілігін арттырылды. Сонымен қатар Достық станциясы бойынша МРЦ-13 типіндегі электрлік орталықтандыру МПЦ-02 құрылысына, ал Көкшетау – Астана ұчаскесіндегі Оңтүстік диспетчерлік орталықтандыру «АСД» МП жүйесіне ауыстырылып, жаңғыртылды. Бұдан бөлек жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп теміржол өткелдеріндегі жол қозғалысы ережесін бұзудың алдын алу, теміржол көлігіндегі азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, болат жол маңында мал және ережелерін сақтау бойынша үлкен жұмыстар жүргізіліп келеді.

– Дирекция 2024 жылды – «Еңбекті қорғау және технологиялық процесті сақтау жылы» деп жариялағанын атап өттіңіз. Осы атаулы жыл ішінде нақты қандай іс-шаралар іске асты?

– Еңбекті қорғау және технологиялық процесті сақтау жылы шеңберінде Магистральдық желі дирекциясы бойынша өндірістік қауіпсіздікті, еңбек жағдайларын басқару жүйесін жақсартуға, персоналды оқытуға және қызметкерлерді ынтылдандыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар орындалды. Атап айтсақ, Қарағанды НЖС-4 базасында мердігерлік ұйым – «Стандарттау және сертификаттау ғылыми-техникалық орталығы» ЖШС-мен желілік кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігі мен экологияның жай-күйін жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлей отырып, өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесіне аудит жүргізді. Сондай-ақ қауіпсіз еңбек әдістері, тәжірибе алмасу және еңбек қауіпсіздігі

– Цифрлық технологиялар қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуге, алынған ақпараттың қолжетімділігі мен сенімділігін, ақпаратты өңдеу жылдамдығын арттыруға бағытталған, мұның бәрі дұрыс басқару шешімдерін қабылдау үшін қажет. Сондай-ақ цифрлық технологиялар жұмысшылардың жұмысын жеңілдетуі керек. Бүгінгі таңда Павлодар магистральдық желі бөлімшесінде жол, СОБ және байланыс, электрмен жабдықтау және электрлендіру құрылғыларына техникалық қызмет көрсету және жөндеуді басқарудың автоматтандырылған жүйесі енгізілуде, ол жұмыстарды жоспарлау, құрылғыларды ағымдағы ұстау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды орындау процестерін цифрландырады. Бүгінгі таңда жүйені МДК вагондарымен интеграциялау жүзеге асырылды. Осының арқасында вагондардың жүру нәтижелері автоматты түрде

– Өңгіменіңізге рахмет!
Сұлугұл БАКЕСОВА
Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

СТАБИЛЬНОЕ ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ



ИНФРАСТРУКТУРА

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

РЦУП-2 Алматы объединил диспетчерские пункты Юго-Восточного региона, создав единый центр автоматизированного управления. Благодаря современным технологиям и централизованному подходу управление движением поездов стало более эффективным, точным и оперативным, что значительно повысило уровень безопасности и оптимизацию транспортных процессов, при этом снижая эксплуатационные затраты.

Сегодня центр объединяет Алматинское, Шымкентское, Жамбылское и Семейское отделения, общая протяженность путей составляет 4 450 километров, имеется 317 раздельных пунктов, в том числе 12 внеклассных и 10 станций первого класса.

С начала года из 10 показателей выполнены шесть. Грузооборот выполнен на 100,9%, средний вес поезда – 100,7%, среднесуточная производительность вагона – 100,5%, оборот рабочего вагона – на 104%, оборот местного вагона – 113,4% и средняя продолжительность простоя вагона на технической станции – 102%.

За три года функционирования РЦУП-2 Алматы зарекомендовал себя как надежный центр управления железнодорожным движением. Его деятельность позволила существенно повысить уровень координации, автоматизации и безопасности на магистральной сети Юго-Восточного региона.



Надо отметить, что диспетчерские круги продемонстрировали высокую эффективность, обеспечив четкую координацию и оперативное выполнение всех задач. Это доскональное знание работы, планирование поездной и грузовой работы железнодорожных станций, узлов и участков на основании фактического выполнения сменно-суточного плана работы и информирования поездов и локомотивов с соседних отделений и стыковых пунктов железной дороги. А также умелое регули-

рование вагонопотоков, управление местной и маневровой работой, оптимизация использования пропускной способности инфраструктуры и выполнения заданных размеров движения поездов по региону.

